

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ**

«Бекітемін»

Болашақ университетінің
ректоры т.ғ.д., профессор

Ө.Үмбетов

« ____ » _____ 2017ж

**БОЛАШАҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
МАГИСТРАТУРАСЫНА
ҚАБЫЛДАУДЫҢ ЕРЕЖЕСІ**

Қызылорда, 2017

«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ МАГИСТРАТУРАСЫНА ҚАБЫЛДАУДЫҢ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Болашақ университетіне магистратураға қабылдаудың ережесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы №109 қаулысымен бекітілген және 2013 жылғы 9 шілдедегі №701 қаулысымен өзгерістер енгізілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидалары» негізінде әзірленген.

2. Қазақстан Республикасында тұрғылықты тұратын азаматтығы жоқ тұлғалар егер осы деңгейдегі білімді бірінші рет алатын болса, олар жоғары оқу орнынан кейінгі білімді өз қаражаты мен басқа да көздер есебінен оқуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады

3. Болашақ университетінің магистратурасына азаматтарды қабылдау түсу емтихандарының қорытындысы бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

4. Ағылшын тілі: Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP – кемінде 460 балл), Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBT, шекті балл – кемінде 87), (TOEFL, шекті балл – кемінде 560 балл), International English Language Tests System (IELTS, шекті балл – кемінде 6.0);

неміс тілі: Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang (DSH, Niveau C1/ C1 деңгейі), TestDaF-Prüfung (Niveau C1/ C1 деңгейі);

француз тілі: Test de Français International™ (TFI – оқу және тыңдалым секциялары бойынша B1 деңгейден төмен емес), Diplome d'Etudes en Langue française (DELF, B2 деңгейі), Diplome Approfondi de Langue française (DALF, C1 деңгейі), Test de connaissance du français (TCF – кемінде 400 балл) бойынша Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес Шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттары бар Қазақстан Республикасының азаматтары магистратураға шет тілі бойынша түсу емтихандарынан босатылады.

5. Болашақ университетінің магистратурасына қабылдау азаматтардың өз қаражаты және басқа да көздері есебінен оқу ақысын төлеу арқылы, келесі мамандықтар бойынша жүргізіледі:

№	Мамандықтың шифры мен аты
1. Білім	
1	6M010200 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі
2	6M010300 – Педагогика және психология
3	6M011400 – Тарих
4	6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті
2. Әлеуметтік ғылымдар және бизнес	
5	6M050600 – Экономика

3. Жаратылыстану ғылымдары	
6	6M060800 – Экология

Магистратурада оқу мерзімі: жоғары білім негізінде – ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша - 2 жыл, бейінді магистратурада – 1 жыл.

6. Магистратураға түсу емтихандарын өткізу базалық ЖОО-да өткізіледі апелляциялық комиссия құрылады.

8. Магистратураға қабылдау даярлау мамандықтарын көрсете отырып, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы құжаттарды қабылдау күніне дейін он бес күнтізбелік күннен кешіктірілмей жарияланады.

9. Магистратураға түсушілерден өтініштер қабылдау 10 шілдеден 30 шілдеге дейін, түсу емтихандары 1 тамыздан 20 тамызға дейін, қабылдау 25 тамызға дейін жүргізіледі.

2. Түсу емтихандарын өткізу тәртібі

10. Магистратураға түсуші тұлғалар «Болашақ» университетінің қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды тапсырады:

- 1) ұйым басшысының атына өтініш;
- 2) жоғары білім туралы құжат, қосымшасымен;
- 3) осы Ереженің 4-тармағында көрсетілген бағдарламалар бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаттың көшірмесі (бар болса);
- 4) кадрлар есебі бойынша жеке іс парағы және нотариалды расталған еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);
- 5) 3x4 сантиметр мөлшеріндегі алты фотосурет;
- 6) 086-У нысанындағы медициналық анықтама;
- 7) дәрігердің қолымен және мөрмен расталған №063-Е нысанындағы профилактикалық егу картасының көшірмесі;
- 8) жеке куәлігінің көшірмесі;
- 9) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болса).

Сонымен қатар осы құжаттардың көшірмелері және салыстыру үшін түпнұсқалары қоса ұсынылады. Салыстыруды жүргізгеннен кейін түпнұсқалар қайтарылады.

11. Магистратураға түсушілер таңдауы бойынша бір шет тілінен (ағылшын, француз, неміс) және мамандық бойынша емтихан тапсырады.

Шетел тілінен түсу емтиханы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы әзірлеген технология бойынша тестілеу түрінде өткізіледі.

Шетел азаматтары шетел тілі ретінде қазақ немесе орыс тілінен (оқыту тілі бойынша) тестілеуден өтеді.

Мамандық бойынша емтихан комиссиясы тиісті мамандықтар бойынша ғылыми дәрежесі бар Болашақ университеті қызметкерлерінен қалыптастырылады.

Мамандық бойынша арнаулы пәннен емтиханды өткізу нысанын қабылдау комиссиясы анықтайды.

Мамандық бойынша емтихан комиссиясының құрамы төрағадан және

үш мүшеден тұрады, оның ішінде екеуі ғылым докторы, қалғандары мамандық бейіні бойынша ғылым кандидаттары болуы қажет.

Университет емтихандарды өткізуге күнтізбелік жиырма күн қалғанға дейін білім беру саласындағы уәкілетті органға мамандықтар бойынша түсу емтихандарын өткізудің кестесін жібереді.

Емтихандарды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

12. Оқуға түсуші қабылдау комиссиясының шешімімен келіспесе жазбаша түрде апелляциялық шағым беруге құқылы.

Апелляциялық комиссияның құрамы қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

13. Апелляциялық шағым қаралғаннан кейін, емтихан жұмысы бойынша баға жөніндегі (оны көтерген және төмендеткен жағдайда) апелляциялық комиссияның шешімі шығарылады.

3. Магистратураға қабылдау тәртібі

14. Магистранттар қатарына өз қаражаты мен басқа да көздер есебінен оқуға қабылдау түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүргізіледі. Конкурс қорытындысын шығаруда магистрлік білім бағдарламаларын игеруге неғұрлым қабілетті әрі дайын азаматтарды қабылдау қамтамасыз етіледі.

Магистратураға өз қаражаты мен басқа да көздер есебінен оқуға түсу емтихандарының қосындысында осы Ереже қосымшасына сәйкес бағалаудың 100 балдық шәкілі бойынша 150 балдан кем емес ең жоғары балл жинаған тұлғалар қабылданады.

Осы Ереженің 4-тармағында көрсетілген шет тілі (ағылшын, француз, неміс) бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаты бар Қазақстан Республикасының азаматтарына бағалаудың 100 балдық шәкілі бойынша ең жоғары балл қосылады.

15. ЖОО мен ғылыми ұйымдар білім беру саласындағы уәкілетті органға күнтізбелік он күн ішінде қабылдауды ұйымдастыру және өткізу бойынша қорытынды есепті, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратураға қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

Болашақ университетінің
магистратурасына қабылдаудың
ережесіне қосымша

**Бағалаудың 100 балдық шәкілі бойынша
бағаларды ауыстыру жүйесі**

Бағалаудың 100 балдық шәкілі бойынша балдар	Бағалаудың 4 балдық шәкілі бойынша балдар
95-100	Өте жақсы (5)
90-94	
85-89	Жақсы (4)
80-84	
75-79	
70-74	Қанағаттанарлық (3)
65-69	
60-64	
55-59	
50-54	
30-49	Қанағаттанарлықсыз (2)
0-29	

*бейінді магистратурада және резидентурада «қанағаттанарлықсыз» бағасына 0-ден 29-ға дейінгі балл сәйкес келеді.

**Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы**

А.Ө. Байдаулетова